

ӘОЖ 821.512.122

## **О. СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ «АЗ И Я» ЕҢБЕГІНДЕГІ ТҮРКІ СӨЗДЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ**

**Асенова Айгүл Халдарқызы**  
[asenova.1997@mail.ru](mailto:asenova.1997@mail.ru)

Л.Н.Гумилеватындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті  
«6M011700» - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының»

1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Г.Б.Мамаева

Олжас Омарұлы Сүлейменов – мемлекет және көрнекті қоғам қайраткері, сөз зергері, түрколог, көне түрік тілін зерттеген тілтанушы ғалым. 1975 жылы жарық көрген «АЗ и Я» кітабы түркі және славян халықтарының ежелгі жазба ескерткіштеріне арналған. Есте жоқ ескі замандағы ұлт пен ұлыстардың тілі, ғұрып әдеті сөз болған бұл кітапта кейінгі зерттеушілердің сүйіп оқытын ғылымнамасы деуге болады. Еңбектің соңғы «1001 сөз» атты белімі этиологиялық сөздікке ұласып, бұрынғыдан кемелдене түсken.

Бүгінгі күнге дейін ғалымның әдебиеттегі, қоғамдағы, саясаттагы жасалған еңбектері ескеріліп, ғылыми бағасы беріліп жатқаны мәлім. Бірақ тіл білімінің этимология саласындағы еңбектері ғылыми тұрғыда талданып, зерттеу нысанына алынбай келеді.

Орыстың орта ғасырлық жәдігерлігі «Игорь полкі туралы жырға» 1960 жылдың басынан тұнғыш қазақ елінен зерттеуші ретінде О.Сүлейменов араласты. Ғалымның 1962 жылдан 1975 жылға дейін «Игорь жасағы туралы жыр» туралы және түркітануға қатысты оннан астам мақалалары жарық көрді.

«АЗ и Я» кітабының жазу себебін ғалым былай түсіндіреді: «Кітапты халықтар тарихының көптеген күнгірт тұстарын түркілер тарихын білмей тұрып түсіндірудің мүмкін емес екендігін қазір батыр түрде айта аламын. Тұптің түбінде «Ақиқат тарихы» кітабының пайда болатынына сенімдімін, оның тууына біздің де міндетті болатынымызға сенімдімін» [1; 129].

Бұл кітабын жазуға 1954 жылы М.Шолоховтың «Өз тарихы бар әрбір халық ұлы» деген сөзі себеп болғанын айтады. Бұл ғалымның өмірлік ұстанымына айналды. Даға мен Руслан тарихы ежелден қойындағанын, тілдері араласуға дейін жеткенін дәлелдеуге кіріскең ғалымға «Жыр» туралы барлық дереккөздерді саралап, салыстыру жұмысы оңайға соклады.

Тіл – әртүрлі этностиң өзара қарым-қатынасын танытатын мәдени бірлік. Тілді зерттеу арқылы ғалым түркі-славян этностарының тарихи ұқсастығын, этносаралық қарым-қатынасындағы ортақ тілдік бірліктердің ерекшелігін, этимологиялық қырын танытты. Эрбір этностиң рухани, тілдік болмысын ашатын негізгі қайнар көздерінежылнамалар, тарихи шығармалар, сөздіктер жатады. Ғалым славян ұлттарының көне жәдігері – «Игорь жасағы туралы жырдағы» түбі бір түркі сөздерін таныту арқылы этностар арасындағы сабактастықты анықтауды мақсат етті. X-XII ғасырларда онтүстік орыс далаларындағы кездескен түркі тайпаларының тілдік бірліктерін екі мағыналық топқа жіктейді:

1) Тұысқандық атаулардан құралған этонимдер: торктер (төркін), печенегтер (бажалар);

2) «Шаруашылық» және жағрапиялық атаулардан құралған этонимдер: кошай (көшпелі), паган (бақташы), язычник (дала тұрғыны), толкован, половец, берендей, черные клубуки, ковуй (көп үй) және т.б.

«Көшпендейлер және Русь» (1962) атты алғашқы мақаласында «Жырдағы» көзге көрінбейтін тюркизмдерді анықтаған. Мәселен, «кошай», «кошиево», «нечистая сила» сөздері.

«Кошай», «кошиево» сөздерінің тұп-төркінің қазақтың «көш», «көшу» сөздерімен байланыстырған.

15 томдық қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «*Көши* зат. Үй ішін, дүние-мұлкін күш көлігіне тиеп, малын алдына салып, қоныс аударған бір не бірнеше ауылдың тізбегі, керуені» [2; 387].

Зерттеуші Д.Сәтбай бұл туралы былай пікір білдірген: «Төңкеріске дейінгі көрнекті зерттеушілер, олардың ішінде атақты Мелиоранский де бар: «кошай» сөзін далалықтардың және көшпендейлердің жинақтаушы атауы ретінде алып, оларды «зұлмат күш» (нечистая сила) тұрғысынан түсінді. Сөйтіп, «кошайді»: - «құл», «қызметші», «арбакеш», «жол серік», «көмекші» екінші сортты әлеуметтік насылға жатқызатын. Тәжірибелі мамандар, тіпті, орыстың атақты аныздық «Кошай Бессмертныйдың» аты неге олай аталатынына да назар аударған жоқ. Зұлымдық пен зұлмат күштің символы «арбакеш» немесе «құл» болуы тиіс емес қой. О.Сүлейменовтің ойынша, «Жырдың» мәтінінде бұл сөз алғашында қорлау мағынасында қолданылып тұрған жоқ және ғалымдардың айырмашылығы «Жырдың» авторы бұл сөзді ол мағынада қолдана алмайды да. Ол түпнұсқада «көшпелі», «көшпендей» мағынасында, яғни саяси қатпарсыз қолданылып тұр» [3; 107].

Академик Ә.Қайдар «көш» сөзімен байланысты тілдік бірліктерге *бір көш жер, көш бойы жер, Көш көрікті болсын!*, көштен қалу, көшті бастау, үдере көшу, оза көшу, *Көшике берген тайыңды ал!* секілді бірліктерді жатқызған. Тілімізде кездесетін көш-қон дәстүріне қатысты мақал-мәтелдер де баршылық. Мысалы: «*Ақ бөкенде жатыр деме, Көшпелі елді отыр деме*», «*Қыңыр көшип бай болмас, қисық сойлеп би болмас*», «*Алтыс күн аспанга қараганша, алты көш те айдын көлге жет*», «*Ел көшиеді деп отыныңды тауыспа, жау келеді деп тамагыңды тауыспа*» және т.б.

Ғалым үшін маңызды болған тіркестердің бірі – «дебрь кисан». Қазақша – темір шынжырлар, кісендер. Ғалым ол туралы мынадай пікір білдірген: «Қалай болса да, қыпшак түріндегі дебрі (дебрь) – темір бір кезде кең аймақта тараптуы мүмкін. Сол сияқты «дебрь кисан» (темір кісен) сөзі де жарты әлемге таныс. Қазіргі қазақ тіліндегі «темір кісен» мен қырым-татарларының «дамір кісан» сөзін салыстырыныз. Святославтың түсіне темір кісеннің кіруін ақиқат санаудым неліктен? Оның басты себебі: боярлар Святославтың түсін жори отырып, «қырандарды» кезінде матап-байладап ұстаған қыпшактың темір кісеннің сөз етсе керек. Бұл – Святослав түсіндегі түркі тексін тікелей аударудың нәтижесі» [4; 69]. Зерттеуді әрі қарай дәлелдей түсу үшін «кісен» туралы тіліміздегі мәліметтерді қарастыру арқылы нәтижеге қол жеткізуге болады..

Бұл сөз «Древнетюркский словарь» (ДТС) еңбегінде де кездеседі: «KISAN путы, оковы: er attin kisan sesdi мужчина развязал путы у коня (МК II 13); negu teg kisan ol seni berklagu к чему связывать тебя путами? (QBN~39)» [ 5; 330].

Академик Ә.Қайдар этнолингвистикалық сөздігінде: «*Kisen* – аттың аяғына, қол-аяғына салынатын, кілтпен ашылып-жабылатын темір тұсау. Оны отқа жіберілген ат қолды болып кетпесін деп ұсталарға арнайы соқтырады. Әр кісеннің кілті әр басқа болады. Кісен алдыңғы екі аяқта салынады, соның нәтижесінде оттаған ат алыстан кетпейді», - деп анықтама берген[6; 258].

Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде: *Kisen* зат. Көне. 1. Темірден келістіріп иіп, жылқының сирағына киілетін, жылқыны матау әбзелі. 2. Темірден соғылған, адамның аяқ-қолына салынатын, кілті бар тұсау, темір бұғау[2; 647].

Ә.Нұрмамбетов «Бес жұз бес сөз»: «*Kisen*. Әдетте, бұл сөзді естігенде малдың аяғына немесе жазалы, қылмысты адамның қол-аянына салынатын темір бұғау еске туеді. Ертедегі түркі жазба ескерткіштеріне зер салсақ, сөздің алғашқы түбірі «кіше» етістігі болған да, мағынасы – шырмау, байлау. Қазіргі түркі тілдерінде – ұйғырларда осы тұлғалас (кіжә) әрі мағыналас сөзді кездестіреміз. Бергі кездерде осы түбірге –н жұрнағы қосыла отырып, қазақ тілінде «кісен» сезі осы күнгі мағынаны беретін болып қалыптасқан» [ 7; 144].

Байқағанымыздай, кісен – қыпшақтар қолданысында болған ұғым. Этностар байланысы нәтижесінде славян халықтарының фольклорлық жырынан көрініс тапқан.

Еңбекте келтірілген «*tül*» сөзіне талдау жасайық. «Тұл – жалпы түрікше «жесір». Бұл да көрінбейтін түркизмнің бірі. Көшірмеші мен аудармашылар орыстың ертедегі «тула» (қорамсақ) сөзін назарда ұстап, тағы да қисынсыз бейне жасаған: «тощими (яғни бос, босаған) колчанами поганых язычников крупный жемчуг на грудь мне и нежат меня». Жырда «*tül*» сөзі екі рет кездеседі:

...туци у нихъ напряжены,  
тулы отворены.  
...лучи съпряже,  
тогою имъ тули затче» [4 ; 62].

«Древнетюркский словарь» (ДТС) бойынша: TUL – вдова: ozun bolsa hajib urune almayu ciyaj tul jetimlar sozin tinlayu если ты станешь хаджибом, должен будешь не брать взяток и выслушивать бедных, вдов и сирот (QBK 244)[5; 620] мағынасында қарастырылса, қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде былай көрсетілген: *Tül* сын. 1. Отасқан ері өлген не айырылысып кеткен, баласы жоқ жесір (әйел). 2. ауысп. Бас иесіз, еркексіз. 3.ауысп. Жалғыз [8; 416].

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде *tül* сезін көне түркі тілдерімен салыстыру арқылы толықтыра түсken: «*Tül*. Тыста дүлей ақ боран, Қatal қыстың кешінде Тұл ананың ақырған, Зарлы даусы есімде (Ә. Қөшімов). Бұл сөз көне түркі тілінен шыққан, қазіргі түркі тілдерінің көбінде қолданылады. Азербайжан, түрік, гагауз тілдерінде дул, өзбек, қырғыз, ұйғыр тілінде *tül*. Осы тілдердің көпшілігінде *tül* сезі жесір әйелді білдіреді. Кейбір түркі тілдерінде әйелі қайтыс болған еркекті де осы сезбен атайды. Мұндай жағдайда *tül* сезі әйел, қатын я *er*, *erkek* деген сөздермен қосылып айтылады. Мысалы, түрікше *dul erkek*, *dul kadin*. Бірақ, кейбір түркі тілдерінде (азербайжан, алтай, якут) *tül* сезі тек қана жесір әйелге қолданылады. Көне түркі тілінде де «*tuly*» деп жесір әйелді ғана атаған [9 ;194].

Осы секілді түркілік тілдік бірліктердің бірі – «босуво» сезі. Жырдағы кездесетін «босуво» сезін ғалым қазақ тіліндегі «босу» сезімен байланыстырады. «Гот бикештерінің» жуырдағы жеңілісті, қыпшақтардың масқара болып қашуын еске алуы мен Қонжыңтың жеңісіне қуануы да сондықтан. Қазақ тілінде де талқандалған қыпшақтар бастан кешкендей тұтас тайпаның немесе халықтың жаппай қашуының нақты баламасы сақталған. Ол «босу» деп аталады. «Босу кезі» немесе «Жырдың» тілімен айтқанда, «время босу», «босуво» кезеңі» [4;75].

Бұл сөз «Древнетюркский словарьда» кездеседі (ДТС): BOSU – 1. Освобождаться, получать свободу: at bosudi лошадь освободилась (отпривязи) (МК III 266); 2. Ослабевать развязываться (об узле): tugun bosudu узел развязался (МК III 266); 3. Освобождать, давать свободу: xfn jalavaciу bosudi хан разрешил послу отъезд (букв. Освободил посла) (МК III 266); otru meni bosuju idti затем он освободил меня (Suv 16); [ 5; 123].

Біздің тіліміздегі мәнін ұғыну үшін түсіндірме сөздікке жүгінсек: **Босу** – босы етістігінің қымыл атауы. 1. Еріксіз аяу көшу. 2. Бос жүру [10; 510].

«Босу» сөзінің біздегі түсінігі – бір жерден екінші жерге ауып көшу, шұбыру. «Босу» сөзінің алғашқы түбірі мен мағынасын түркі тілдері бойынша қарастырып көрелік. Хакас тілінде *pозы*, *посхын* сөздері – *босатылу* мәнінде, қырғыз тіліндегі *боз* сөзі – *қашу* мағынасында қолданылады. Демек, түркі тілдерінің бәрінде *босу* сөзі бірнәрседен алшақтау, қашу мағынасына сәйкес келіп тұрғанын байқаймыз.

Түркі тілдерінің көпшілігінде қолданылса ие қатын сөзі де «АЗ и Я» еңбегінде зерттеуге ілікken. Боян Святославтың «қатыны» және Олег қағанның әйелі туралы айтады. «Жырда» «хоти» сөзі «әйел», «зайып» мағынасында қолданылады. Автор Всеволод буйтурдың әйелін осылай атайды. «Ходын» «Жырдың» тағы да бір құпия жері. Бізге мәлім ертедегі орыс әдеби ескерткіштерінде «катунь» сөзінің Алтын Ордалық нұсқасы қолданылады. «Ходын» деген сөзді: 1) қатын; 2) ханым; 3) әйел (түркі тіліндегі тұрпаттары: хотын, хатын, қатун, қатын, т.б.) деген түркі сөздерімен байланыстырган [4 ; 119].

Түсіндірме сөздік бойынша мынадай анықтама көрсетілген: Қатын зат. 1. Жалпы әйел атаулы, ерге тиген әйел. 2. Зайып, жар, жұбай [11; 107].

«Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде»: **Қатын**. Қатын сөзі түркі тілдерінің көбінде қолданылып келе жатқан сөз. Ол М. Қашғари сөздігінде «ақ сүйек (хан, тере, бес) қызы» деген мағынада жұмсалған, кейін «ерге шыққан әйел» дегенді білдіретін болған. Сол сияқты ескі түркі жазу нұсқаларында да қатун/хатун сөзі екі мағынада қолданылған көрінеді. Қазіргі түркі тілдерінде бұл сөз екі фонетикалық варианта кездеседі. Біреулерінде *к/қ* дыбысынан басталса (қазақша қатын, башқұртша катын, қырғыз қатын, алтайша қадын, т.б.) басқаларында *х* дыбысынан басталады (татарша хатын, өзбекше хотин, якутша хотун, ұйғырша хотун т.б.) Қатын/хатын сөзінің бастапқы мағынасы – ханым, бәйбіше, әйел, кейін – қүйеуге шыққан әйел, зайып [9 ; 124].

Академик Ә.Қайдар бойынша «қатын» сөзінің мағынасы былай берілген: « Ескі түрік тілінде «қатын» сөзі құтты ана деген мағына береді. Яғни, бала-шаға тәрбиелеп отырған ана» [6 ; 292].

Тілімізде «қатын» сөзімен байланысты мынадай мақал-мәтелдер кездеседі: «Қатын алма, қайын ал», «Қысыла-қысыла қызы болым, Жаман қатын қайдан шыгады?», «Алтыс қатын асқа барса, әрқайсысы мұзын айтар», «Қапияда қатын ақыл табады», «Қарыз алып қатын ал, қатының қалар қойыныңда», т.б.

Қорытындылай келе, ғалымның зерттеуіне ілікken жырдағы түркілік сөздер түркі және славян халықтары арасындағы этносаралық байланыстардың тығыз болғандығын көрсетіп отырғанын айта аламыз. Бұл байланыстар нәтижесі екі этностың тілдерінен көрініс тапқан. Осы мәселеге қатысты ғалымның өз сөзімен қорытындылағанды жөн көріп отырмыз: «Тілдерді бөлек зерттеп-зerdeлеудің қайшылықтарын жоюға көмектесетін жаңа пән – түркі-славянтануы (туркославистика) пайда болуға тиіс. Ал оның ең басты қорытындысы жалпы тіл білімін жетілдіре түсу бола алар еді, оның жетістіктері барлық қоғамдық ғылымдар үшін іргетас болмақ» [12;5]. Яғни тілімізге тек туыстас тілдер тарапынан ғана емес, туыс емес тілдер бойынша да зерттеулер жүргізуді қажет етіп отыр. Бұл арқылы тілдің дамуын сыртқы байланыстар арқылы да, яғни антропоөзектік парадигма негізінде қарастырып, пайдалы нәтижелерге қол жеткізе аламыз. Жырдағы кезіккен тубі бір түркіден шыққан сөздердің түп-төркінің қарастыру тіліміздің бүгінгі құндығы дамуына, өсіп-өркендеуіне айтарлықтай септігін тигізірі анық.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Садықов С. Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я» кітабындағы түркі-қыпшақ рухы. / Л.Н. Гумилев ат. ЕҮУ Хабаршысы. Жаратылыстану және техникалық ғылымдар. №1 (104) – 1 бөлім. – 125-136 б.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том / Құраст.: Қ.Күдеринова, О.Жұбаева, М.Жолшиева және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
3. Сәтбай Д. Олжас – ғалым және қайраткер. Тарих және тұлға / Отан тарихы – Отечественная история. – 2012. - №4 (60) – 106 – 117 б.
4. Сүлейменов О. Аз и Я. Ізгі ниетті оқырман кітабы. (Ауд. С. Ақатаев) Алматы, Жазушы, 1992. – 295 б.
5. Древнетюркский словарь. – Ленинград: наука, 1969. – 676 б.
6. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік / Ә.Қайдар. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. Т.2: Қоғам. – 2013. – 728 бет.
7. Нұрмагамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 бет.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том / Құраст.: М.Малбақов, Қ.Есенова, Б.Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. – 800 бет.
9. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1966 ж
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том / Құраст. Б.Сүйерқұлова, Т. Жанұзақ, О.Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. – 744 бет.
11. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-том / Құраст.: Ә.Ыбырайым, А. Жаңабекова, Қ.Рысбергенова және т.б. – Алматы, 2011. – 744 бет.
12. Сүлейменов О.О. Атамзаманғы түркілер (Тарихқа дейінгі түркілер) Ауд. М. Қазыбек. – Алматы: «Олжас кітапханасы» Баспа үйі.